

**Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 379 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына және «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. «Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 816 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 48, 671-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 8 с ә у і р д е г і  
№ 3 7 9 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасына сәйкес әзірленді және АӨК субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Қаржылық сауықтырудың негізгі мақсаттары АӨК субъектілерінің төлем қабілеттілігін жақсарту, кредиттік жүктемесін төмендету және олардың банкротқа ұшырау тәуекелін барынша азайту болып табылады.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) әкімші – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

Салық салуды оңтайландыру мақсатында әкімші төлем көздерінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген салық агенті болып т а н ы л а д ы ;

2) қарыз алушы – ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуді қоса алғанда, агроөнеркәсіптік кешен саласында қызметін жүзеге асыратын және кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелері бар АӨК субъектісі;

3) қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес құрамдағы мүдделі мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің (келісім бойынша), қаржы институттары (келісім бойынша) мен үкіметтік емес ұйымдардың (келісім бойынша) өкілдерінен құ р а л ғ а н а л қ а л ы о р г а н ;

4) кредиттік және лизингтік міндеттемелер – оларға қатысты осы Қағидалардың шеңберінде қаржылық сауықтыру шараларын қолдануға болатын, және салуға айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мақсаттарға кредит/лизинг алуға байланысты, оның ішінде басқа қаржы институттары алдында туындайтын берешекті қайта қаржыландыруға кредит алуға, ауыл шаруашылығы техникасын, арнайы техниканы, технологиялық жабдықты лизингке алуға байланысты қаржы институттары алдында туындайтын қарыз а л у ш ы н ы ң м і н д е т т е м е л е р і ;

5) кредиторлық міндеттемелер – айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасы мен арнайы техниканы және технологиялық жабдықты лизингке алуға, басқа кредиторлар алдындағы міндеттемелерді қайта қаржыландыруға байланысты өзге шаруашылық субъектілері

алдында пайда болған қарыз алушының міндеттемелері;

6) кредиторлар комитеті – әрбір жеке қарыз алушы үшін тиісті салалық қауымдастықтың өкілін қосу мүмкіндігімен қаржы институттарының – кредиторлардың өкілдерінен құрылатын комиссия;

7) оператор – АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру үшін қаржы институттарының кредиттері/лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша оператордың қызметтерін көрсету жөніндегі шарттың негізінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандандырылған ұйым ретінде тартылатын «Қазагроомаркетинг» акционерлік қоғамы;

8) қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның шешімі – қарыз алушыға қатысты қаржылық сауықтыруды мақұлдау/мақұлдамау туралы шешім;

9) кредиттік және лизингтік міндеттемелерді қайта құрылымдау – қарыз алушыларда бар кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша қайтару мерзімдерін ұлғайту, төлемдерді өтеудің тәртібі мен кезектілігін өзгерту, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, сондай-ақ өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұсыну;

10) кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерді қайта қаржыландыру – қарыз алушыларға ұзақ мерзімді қайтару мерзімдерімен, төмен пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен және бар берешектерін өтеуге жеңілдікті кезеңмен қосымша келісім жасау арқылы жаңа нысаналы кредиттер ұсыну не бұрын берілген кредиттерін алмастыру ;

11) сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау – қарыз алушының кредиттік және/немесе лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы ретінде қаржы институтына төлейтін шығыстарын ішінара өтеу үшін пайдаланылатын АӨК субъектілерін мемлекеттік қолдау нысаны ;

12) қорландыру қаражаты – қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелерін кейіннен қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру үшін қаржы институттары ұсынатын қаржы агентінің тартылған қарыз қаражаты;

13) технологиялық жабдық – тікелей және қосалқы мақсаттағы жабдықтардан тұратын, олардың қатысуынсыз толық технологиялық циклдің қамтамасыз етілуі мүмкін емес, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жабдық ;

14) қаржылық сауықтыру – айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, сондай-ақ технологиялық жабдықты, ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алуға, сондай-ақ жоғарыда аталған мақсаттарға кредит/лизинг алумен байланысты туындаған берешекті қайта қаржыландыруға пайдаланылған қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық міндеттемелерін сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде мемлекет тарапынан қолдау арқылы қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру ;

15) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер; банк операцияларының

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар; АӨК саласындағы кредиттік серіктестіктер; микроқаржылық/микрокредиттік ұйымдар; мемлекет жүз пайыз қатысатын АӨК саласында кредиттік-лизингтік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар; АӨК саласында қызметін жүзеге асыратын лизингтік компаниялар;

16) қаржы агенті – «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы.

### **3. Қаржылық сауықтырудың жалпы шарттары**

4. Қарыз алушының айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды салуға және сатып алуға, сондай-ақ технологиялық жабдықты, ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алуға арналған кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелері қайта құрылымдауға және қайта қаржыландыруға жатады.

5. 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін пайда болған кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелер қайта құрылымдауға және қайта қаржыландыруға жатады.

6. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қарыз алушының валюталық кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелері бойынша, сондай-ақ шетел валютасына байланысты міндеттемелері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте субсидиялар сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі субсидиялар сомасын аудару күніне белгілеген бағам бойынша теңгемен төленеді. Оң бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, ол келешек субсидиялар шотына есептеледі, ал теріс бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, оны қарыз алушы төлейді.

7. Қаржы институттары қарыз алушылар бастамашылық ететін кредит беру/лизинг беру шарттарын өзгертуге байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, қарыз алушылардан қаржылық сауықтыруға қатысуға байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды.

8. Басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қолдау көрсетілетін қарыз алушылардың кредиттік/лизингтік міндеттемелері бойынша, сондай-ақ республикалық бюджет қаражаты мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражаты есебінен қаржыландырылған қарыз алушылардың кредиттік/лизингтік міндеттемелері бойынша шарттар сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға жатпайды.

9. Қаржылық сауықтыру кредиттік және/немесе лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін олардың қолданылуының бүкіл мерзімінде, бірақ 9 (тоғыз) жылдан артық емес мерзімде субсидиялауды көздейді.

10. Қарыз алушылардың қаржылық берешегін қайта құрылымдау жағдайларын, сондай-ақ жеделдетілген сауықтыру рәсіміндегі немесе сауықтыру рәсіміндегі қарыз алушыларды қоспағанда, қызметі ұйымдастыру-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрған, сондай-ақ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрған қарыз

алушылар қаржылық сауықтыру рәсімдеріне жіберілмейді.

Кредиттік және/немесе лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қаражаттарын аудару қарыз алушы мен қаржы институты қол қоятын қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру міндеттемелері туралы шарт жасалған күннен басталады, субсидиялау қаражаттарын төлеу 225 «АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық ставканы субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен және оның шегінде субсидиялау шартын жасаған сәттен бастап қаржылық жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте субсидиялауға арналған қаражаттарды бөлу бұрын жасалған субсидиялау шарттарын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

2013 жылы жасалған субсидиялау шарттары бойынша қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау оны жылдық 7 %-ға (жеті) төмендету жолымен 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап теңгемен жүзеге асырылатын болады.

11. Қаржылық сауықтыру мерзімі өтіп кеткен сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруға қарыз алушының келісімі болған жағдайларды қоспағанда, қаржы институттарының есептелген айыппұлдар мен өсімпұлдарды, мерзімі асып есептелген сыйақыны есептен шығаруы шартымен сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,1 %-дан аспайтын жеке кестемен (негізгі борышқа капиталдандырусыз) төлемді бөліп төлеу арқылы жүргізіледі.

12. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік және/немесе лизингтік шарттар бойынша шарттарды (сыйақы мөлшерлемесі, төлеу мерзімі, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша мерзімді ұзартуды ұсыну) жылына бір рет қана өзгертуге болады, бұл ретте сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруға жол берілмейді.

13. Қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау оны теңгеде жылдық 7 (жеті) %-ға және шетелдік валютада 5 (бес) %-ға төмендету арқылы жүзеге асырылады.

Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау осы тармақтың 1) және 3) немесе 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген:

1) қаржы институттарының қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелерін қайтару мерзімін 9 (тоғыз) жылдан аспайтын мерзімге ұлғайтуы;

2) АӨК субъектілерінің өзге шаруашылық субъектілері алдындағы кредиторлық берешегін қайтару мерзімі 9 (тоғыз) жылдан аспайтын қаржы институттарының кредитіне ауыстыра отырып, қайта қаржыландыру не қосымша келісімдер жасау жолымен бұрын берілген кредиттерді алмастыру;

3) қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін қайта қаржыландыру/қайта құрылымдау кезінде осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды ұсыну өлшемдерін сақтауы, сондай-ақ осы Қағидалардың 11-тарауында көрсетілген қаржылық сауықтыруда тең қатысуды сақтауы шарттарын сақтау кезінде жүзеге асырылады.

#### **4. Қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру үшін қаржы институттарының сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі**

14. Қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдауды/қайта қаржыландыруды жүргізу үшін оператор қызметтер көрсету жөніндегі шарт күшіне енгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаржылық сауықтыру рәсімдерінің басталғаны туралы хабарландыруды кемінде 3 (үш) республикалық бұқаралық ақпарат құралында және интернет-ресурстарда (меншікті және әкімшінің) орналастырады, бұл қарыз алушыларға қаржылық сауықтыру шеңберінде қайта құрылымдауды және қайта қаржыландыруды жүзеге асыру туралы өтініштерімен қаржы институттарына жүгінуге құқық береді.

15. Қарыз алушылар өздерінің кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру ниеті туралы өтінішпен қаржы институттарына жүгінеді.

16. Қаржы институттарының қарыз алушылардың өтініштерін қарауы қаржы институттарының ішкі кредиттік саясатына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қарыз алушы толық құжаттар топтамасын ұсынғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

17. Қарыз алушылардың өтініштерін мақұлдаған жағдайда қаржы институттары мынадай құжаттарды қалыптастырады және операторға жолдайды:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім, оған қаржы институтының басшысы немесе қол қою құқығына сенімхаты бар қаржы институтының уәкілетті адамы қол қоюы және қаржы институтының мөрімен бекітілуі тиіс, бұл ретте қаржы институтының филиалдарынан (өкілдіктерінен) жекелеген өтінімдер қабылданды;

2) бір реттік тәртіппен ұсынылатын банк операцияларын жүзеге асыру құқығына арналған қаржы институты лицензиясының нотариалды расталған көшірмесі;

3) қаржы институты растаған қарыз алушының кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелері жөніндегі шарттардың көшірмелері;

4) қарыз алушының кредит/лизинг алғандығын растайтын құжат (төлем тапсырмасы, кредиттік/лизингтік шартта көрсетілген қарыз алушының шотынан

үзінді-көшірме, лизинг мәнін қабылдау-беру актісі);

5) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АӨК субъектісін қаржылық сауықтыру жоспары.

Қаржылық сауықтыруға жататын қарыз алушының кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелері 4 500 000 (төрт миллиард бес жүз миллион) теңгеден асқан және бір кредитордан (қаржы институтынан) артық болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер АӨК субъектілерін кешенді сауықтыру жөніндегі кредиторлар комитетін құрады және қаржылық сауықтырудың кешенді жоспарын ұсынады.

б) қаржы институты растаған сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігінің бағанын және сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігінің бағанын қамтитын қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру шартының жобасы, жаңартылған өтеу кестесінің жобасы, оның ішінде электронды түзетілетін форматта.

18. Субсидияларды бөлуді жүргізу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес құрамда комиссия төрағасы (төраға болмаған жағдайда ол қатысушы мүшелер ішінен сайланады), мүшелері және хатшысы бар қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия құрылады. Бұл ретте комиссияның сандық құрамы тақ болуы және жеті адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия хатшысы қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мүшесі болып табылмайды.

19. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Егер Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысына мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі қатысса, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысы заңды болып есептеледі.

20. Оператор қаржы институттарынан өтінімдер болған кезде күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде қаржы институттары ұсынған құжаттарды осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысын оның мүшелеріне жазбаша хабарлама жіберу жолымен шақырады. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысын өткізу орнын, уақытын және күнін оператор өз бетінше айқындайды.

21. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысы тоқсанына кемінде бір рет шақырылады.

22. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысын шақыру туралы хабарламаға қарыз алушылардың осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келетіні/сәйкес келмейтіндігі туралы оператордың қорытындысы, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінің жобасы, сондай-ақ осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттар электрондық жеткізгіште қоса беріледі.

23. Қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелерін мақұлдау/мақұлдамау туралы шешімді қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия оның мүшелерінің көпшілік дауысымен дауыс беру арқылы хаттамалық шешім түрінде қабылдайды.

Бұл ретте қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия қарыз алушылардың өтінімдерін мақұлдау/мақұлдамау туралы шешім қабылдау кезінде оператордың қорытындысын және осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген құжаттарды б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

24. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімі:

- 1) қаржы институтының атауын және орналасқан жерін;
- 2) мақұлданған/мақұлданбаған қарыз алушылардың атаулы тізбесін, бас тарту с е б е п т е р і н ;
- 3) қарыз алушының әрбір кредиттік/лизингтік шарты бойынша міндеттемелер с о м а л а р ы н ;
- 4) қарыз алушының әрбір кредиттік/лизингтік шарты бойынша міндеттемелерді ө т е у м е р з і м і н ;
- 5) қарыз алушының әрбір кредиттік/лизингтік шарты бойынша нысаналы мақсатын;
- 6) қарыз алушының әрбір кредиттік/лизингтік шарты бойынша субсидияланатын с ы й а қ ы м ө л ш е р л е м е с і н і ң п а й ы з ы н ;
- 7) қарыз алушының әрбір кредиттік/лизингтік шарты бойынша субсидиялардың а л д ы н а л а ж а л п ы с о м а с ы н ;
- 8) қаржы институтының және қарыз алушының меншік иелерінің тарапынан қабылданған не қабылданатын қаржылық сауықтыру шараларын қамтуға тиіс.

Субсидиялар сомасын бөлу осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес АӨК-ні дамыту бағыттарының басымдығына сәйкес тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде жүргізіледі.

Көрсетілген бағыттардың басымдылығы қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның бір отырысы шеңберінде келесі бағыттың өтінімдерін қанағаттандыруға көшкенге дейін жоғары тұрған бағыттың қажеттілігін толық қанағаттандыруды көздейді. Бір басымдылық бағыты шеңберінде субсидиялар сомасын бөлу қарыз алушының өтінім ұсыну күніне қарай жүзеге асырылады. Басымды бағыттарға қосылмаған АӨК саласындағы қызметтің басқа түрлері қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның бір отырысы шеңберінде бірінші және екінші басымдылықтарды толық қанағаттандырғаннан кейін қарастырылады.

25. Оператор 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мүшелерінің қолдарын жинайды және қол қойылғаннан кейін бір күн мерзімде қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірменің хатшының қолы қойылған, мөрмен расталған түпнұсқасын кейін жолдай отырып, осы үзінді көшірмені қаржы институттарына және қаржы агентіне электрондық почта арқылы жолдайды.

26. Қаржы институттары қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмені алғаннан кейін күнтізбелік



20 (жиырма) күннен аспайтын мерзімде осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес қарыз алушыларға қаржылық сауықтыру шараларын қабылдайды.

## **5. Қаржы агентінің қатысуынсыз қаржылық сауықтыру үшін қаржы институттарының сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тәртібі**

27. Қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік/кредиторлық міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшін ақша ұсыну әкімші, оператор және қаржы институттары арасында осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын үш жақты шарт (бұдан әрі – субсидиялау шарты) бойынша жүзеге асырылады.

28. Субсидиялау шарты қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия шешімінің негізінде жасалады және қаржы институтына қаражат аударудың тәртібі мен шарттарын, қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының есептен шығару процесіне оператордың мониторинг жүргізу шарттарын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейді.

Субсидиялау шартына қол қою тәртібі:

- 1) оператор мен қаржы институты арасында – қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия хаттамасынан үзінді көшірме алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде;
- 2) әкімші – оператордан субсидиялау шартын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

29. Қаржы институты сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін алу үшін операторға:

- 1) субсидиялау шартына сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігі үшін ақша аударуға өтінімді;
- 2) қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттарының қаржы институты растаған көшірмелерін жолдайды.

30. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттары бойынша өтінім сомасының міндеттемелерді өтеу кестелеріне сәйкестігін, сондай-ақ субсидиялау шартына сәйкес қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығаруға арналған қаражатты пайдалану туралы есепті (бірінші өтінімді берген кезде есеп ұсыну талап етілмейді) тексеруді жүзеге асырады және әкімшіге субсидиялау үшін кезекті ақша траншын аудару туралы ұсыныс енгізеді.

31. Қаржы институты жасалған субсидиялау шарттары бойынша субсидиялар сомаларын әкімшінің аударуы үшін арнайы банктік шот ашады.

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қарыз алушы мен қаржы институты қол қойған

міндеттемелерді қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру туралы шарт жасалған күннен бастап есептелген субсидияларды қаржы институтына тиісті қаржы жылының соңына дейін аванстық төлеммен аударуды жүзеге асырады.

Қаржы институты арнайы банктік шоттағы ақшаны осы Қағидаларда көзделмеген өзге мақсаттарға пайдалана алмайды. Арнайы банктік шоттағы ақшаны мақсатсыз пайдаланған жағдайда, қаржы институты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

32. Қаржы институты қарыз алушыдан сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбаған бөлігін алған кезде қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шартқа өтеу кестесіне сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін арнайы банктік шоттан есептен шығаруды жүзеге асырады.

33. Қаржы жылының соңында арнайы банктік шотта пайдаланылмаған қаражат қалдығы болған жағдайда, қаржы институты тиісті қаржы жылының 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде оларды әкімшінің шотына қайтарады.

34. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы меншікті қаражаты есебінен толық сыйақы мөлшерлемесін төледі жүзеге асырады. Сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін әкімші қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражат аудару жолымен өтейді. Мұндай жағдайда қаржы институты қарыз алушыға бұрын төленген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қарыз алушының есеп шотына сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін аудару жолымен өтеуді жүргізеді.

35. Қаржы институты тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін операторға қаржы институты растаған арнайы банктік шоттан үзінді көшірмені қоса бере отырып, Субсидиялау шартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілік ұсынады.

36. Оператор қаржы институтынан субсидиялау туралы есепті алғаннан кейін оған сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігінің төленген қаражатының осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі мәніне талдау жасайды.

37. Егер қаржы институты қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттың талаптарын (сыйақы мөлшерлемесін, сыйақыны төлеу мерзімін, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге шегеруді ұсынуды) өзгерткен жағдайда, ол күнтізбелік 10 (он) күн ішінде операторға қаржыландыру шарттарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін, негізгі борышты және сыйақыны өтеудің жаңартылған кестесін қамтитын құжаттар топтамасымен қоса осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ө т і н і м д і ж о л д а й д ы .

38. Оператор осы құжаттар топтамасын қабылдайды, негізгі борышты және

сыйақыны өтеудің жаңартылған кестесін есептеу дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады және күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды жасайды және құжаттарды қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның кезекті отырысында қарау үшін жолдайды.

Қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік шарт бойынша негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, қаржы институты есептелген сыйақы фактісі бойынша есептелген субсидияларды есепке қосуды жүргізеді.

## **6. Қаржы агентінің қатысуынсыз қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды тоқтату тәртібі**

39. Қарыз алушы негізгі борыштың жоспарлы төлемін және/немесе сыйақының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша міндеттемелерін қатарынан 3 ай ішінде орындамаған жағдайда, қаржы институты осы фактіні анықтаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы операторды жазбаша хабардар етеді.

Оператор қаржы институты ұсынған ақпараттың негізінде қарыз алушының кредиттік/лизингтік/кредиторлық міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды тоқтату туралы мәселені қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның кезекті отырысының қарауына шығарады.

40. Субсидиялауды тоқтату қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның шешімі б о й ы н ш а :

1) қарыз алушы негізгі борышының бір бөлігін және/немесе сыйақының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша міндеттемелерін қатарынан күнтізбелік тоқсан (тоқсан) күннен астам мерзімде орындамаған;

2) кредиттік қаражатты мақсатсыз пайдаланған;

3) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша қарыз алушының шотына тыйым с а л ы н ғ а н ;

4) қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарты бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толығымен өтеген; Қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толығымен өтеген күн пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды тоқтату күні болып есептеледі;

5) қарыз алушы субсидиялауды тоқтату туралы бастама көтерген (жазбаша өтінген) ж а ғ д а й д а жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

41. Оператор қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия субсидиялауды тоқтату

туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, қаржы институты мен қарыз алушыны хатпен хабардар етеді.

## **7. Қаржы агентінің қатысуымен қаржылық сауықтыру шарттары**

42. Әрбір қаржы институты үшін қорландыру қаражатының көлемі қаржы агентінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жеке айқындалады.

43. Қорландыру қаражатының көлемі мен оларды қайтару мерзімі негізгі қарыз сомасынан және қаржы институттары қайта құрылымдаған/қайта қаржыландырған қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелерінің қолданылу мерзімінен аспауы тиіс.

44. Қорландыру қаражатын орналастыру бойынша сыйақы мөлшерлемесі теңгемен жылдық 10 (он) %-дан асырылмай белгіленеді, оның 7 (жеті) %-ын қорландыру қаражатын қаржы агентінің кейіннен қаржы институттарында орналастыруы үшін, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның шешімі негізінде мемлекет субсидиялайды және шетелдік валютада жылдық 6 (алты) %-дан асырылмай белгіленеді, оның 5 (бес) %-ын мемлекет субсидиялайды.

Қорландыру қаражаттарын теңгемен жылдық 3 (үш) %-дан және шетелдік валютада жылдық 1 (бір) %-дан асырылмай сыйақы мөлшерлемесімен қаржы агенті қаржы институттарында орналастырады.

45. Қаржы институттары қорландыру қаражатын қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру мақсатында пайдаланады.

Бұл ретте қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесі кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша теңгемен жылдық 7 (жеті) %-дан және шетелдік валютада жылдық 5 (бес) %-дан аспауы тиіс.

## **8. Қаржы агентінің қатысуымен қорландыру кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібі**

46. Қарыз алушылар өздерінің кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру ниеті туралы өтінішпен қаржы институттарына жүгінеді.

47. Қаржы институттарының қарыз алушылардан түскен өтініштерді қарауы қаржы институттарының ішкі кредиттік саясатына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

48. Қаржы институттары қаржы агентінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құжаттарды қалыптастырады және қаржы агентіне жолдайды.

49. Қаржы агенті ұсынылған құжаттар мақұлданған жағдайда, құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы қаржы институтын х а б а р д а р е т е д і .

50. Қаржы институты қорландыруға өтінімді мақұлдаған жағдайда, осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген құжаттарды қалыптастырады және о п е р а т о р ғ а ж о л д а й д ы .

51. Қаржы институты ұсынған өтінім бойынша шешім қабылдау үшін оператор осы Қағидалардың 20 – 25-тармақтарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес және тәртіпте ж ұ м ы с т а р жү р г і з е д і .

52. Қаржы агенті қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаржы институттарымен қорландыру қаражатын аударудың және оларды қайтарудың тәртібі мен шартын, сондай-ақ қаржылық сауықтыру мониторингінің шартын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейтін қарыз туралы негіздемелік келісім/нысаналы жедел банктік салым шартын жасайды.

53. Қаржы институттарына жасалған негіздемелік келісім шеңберінде қарыздарды ұсыну транштарды ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

54. Қаржы институттары қарызды берген күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған қорландыру қаражаты есебінен қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдауды/қайта қаржыландыруды жүргізбеген жағдайда, аталған қаражат қарыз туралы негіздемелік келісімге сәйкес жоғарыда көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы агентіне қайтаруға жатады.

## **9. Қаржы агентінің қатысуымен қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелерін кейіннен қаржылық сауықтыру үшін қорландыру қаражаттарын қаржы институттарында орналастыру бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау тәртібі**

55. Қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшін қаражатты ұсыну әкімші, оператор және қаржы агенті арасында осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалатын үш жақты шарт (бұдан әрі – қаржы агентін субсидиялау шарты) бойынша жүзеге асырылады.

56. Субсидиялау шарты қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия шешімінің негізінде және осы Қағидалардың шарттарына сәйкес жасалады және қаржы агентіне субсидия аударудың тәртібін, шарттарын, қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінің бөлігін субсидиялау, сауықтыру процесіне оператордың мониторинг жүргізу шарттарын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейді.

Субсидиялау шартына қол қою тәртібі:

1) оператор мен қаржы институты арасында – қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия хаттамасынан үзінді көшірме алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күніне дейінгі мерзімде;

2) әкімші – оператордан субсидиялау шартын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

57. Қаржы агенті субсидия алу үшін операторға:

1) әрбір қаржы институты бойынша қорландыру қаражатын аударуға арналған ведомость қоса берілген өтінімді;

2) қаржы институттарының қорландыру қаражаттарын пайдалануы жөніндегі есепті ;

3) қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттарының қаржы институты растаған көшірмелерін жолдайды.

58. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім сомасының қаржы институттарында орналастырылған қорландыру қаражаттарына сәйкестігін, сондай-ақ қаржы агентін субсидиялау шартына сәйкес қорландыру қаражатын пайдалану туралы есепті тексеруді жүзеге асырады және әкімшіге субсидиялау үшін кезекті ақша траншын аудару туралы ұсыныс енгізеді.

Субсидиялар сомасы теңгемен қаржы институттарында орналастырылған қорландыру қаражаты жалпы сомасының 7 (жеті) %-ы және шетел валютасында орналасқан соманың жылдық 5 (бес) %-ы мөлшерінде қаржы агентіне жыл сайын ұсынылады.

Бұл ретте субсидияның сомасы субсидиялар сомаларын аудару күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен төленеді.

59. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі субсидияны қаржы агентіне қаржы институтына қорландыру қаражатын ұсынған күннен бастап тиісті қаржы жылының соңына дейін есептелетін аванстық төлем арқылы аударуды жүзеге асырады.

## **10. Қаржы агентінің қатысуымен қарыз алушыларды қаржылық сауықтыру үшін сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды тоқтату тәртібі**

60. Оператор қаржы агенті ұсынған ақпарат негізінде қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның кезекті отырысының қарауына:

1) қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толық өтеген жағдайда. Қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толығымен өтеген күн пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды тоқтату күні болып есептеледі;

2) қаржы агенті субсидиялауды тоқтату туралы бастама көтерген жағдайда, қаржы агентін субсидиялауды тоқтату туралы мәселені шығарады.

61. Оператор қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, қаржы агентін хатпен хабардар етеді.

## **11. Мүдделі тараптардың қарыз алушыларды қаржылық сауықтыруға тепе-тең қатысуы**

62. Қарыз алушыларды қаржылық сауықтыруды жүргізген кезде мүдделі тараптар өздеріне мынадай міндеттемелер алады:

1) қаржы институттары қаржы агентінің қатысуынсыз меншікті және тартылған қаражат есебінен қаржылық сауықтырған жағдайда, осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредиттер/лизингтер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығарады және қайта құрылымдалатын кредит бойынша теңгемен жылдық 14 (он төрт) %-дан аспайтын және шетелдік валютада 10 (он) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесін белгілейді; кредитті қайтару мерзімін 9 (тоғыз) жылдан аспайтын мерзімге ұзартады не қайтару мерзімі 9 (тоғыз) жылдан асырылмай, теңгемен жылдық 14 (он төрт) %-дан аспайтын және шетелдік валютада 10 (он) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен жаңа кредиттер ұсынады не қосымша келісімдер жасау жолымен бұрын берілген кредиттерді алмастырады. Бұл ретте егер қаржы институтының қарызы бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 14 %-ға тең немесе одан төмен болса, онда 7 %-ын мемлекет субсидиялайды, айырмашылықты қарыз алушы төлейді.

Қаржы институттары қаржы агентінің қатысуымен қорландыру қаражатының есебінен қаржылық сауықтырған жағдайда, осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредиттер/лизингтер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығарады және қайта құрылымдалатын кредит бойынша теңгемен жылдық 7 %-дан (жеті) аспайтын және шетелдік валютада 5 (бес) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесін белгілейді; кредитті қайтару мерзімін 9 (тоғыз) жылдан аспайтын мерзімге ұзартады не 9 (тоғыз) жылдан аспайтын қайтару мерзімімен теңгемен жылдық 7 (жеті) %-дан аспайтын және шетелдік валютада 5 (бес) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен жаңа кредиттер ұсынады, не қосымша келісімдер жасау жолымен бұрын берілген кредиттерді алмастырады.

2) қарыз алушылар қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттің негізгі борышын және ол бойынша пайыздарды тұрақты төлеу бойынша барлық шараларды қабылдайды, борышты және ол бойынша пайыздарды толық өтегенге дейін таза табысты бөлуді болдырмайды;

3) қарыз алушылардың меншік иелері қарыз алушылар қаржылық сауықтырудың

шарттарына сәйкес қаржы институттары алдындағы міндеттемелерін толық өтегенге дейін қатысушылар арасында барлық табысты, қосымша капиталдандыру, инвесторлар тарту, қаржылық сауықтыру шарттарын орындау бойынша қаржы институттарына толық жәрдемдесу жолымен және басқа шаралармен қолдау көрсетеді;

4) әкімші қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды оны теңгемен жылдық 7 (жеті) %-ға және шетелдік валютада 5 (бес) %-ға төмендету жолымен ұсынуды қамтамасыз етеді.

63. Қарыз алушының барлық кредиттік/лизингтік міндеттемелерін тиімді қаржылық сауықтыру мақсатында қаржы институттары кешенді сауықтыру бойынша келісілген шараларды жүзеге асырады.

## **12. Әкімші мен оператордың өзара іс-қимыл жасау тәртібі**

64. Әкімші мен оператор арасындағы өзара қатынастарды реттеу үшін осы Қағидалар ресми жарияланған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оператор қызметтеріне төлеу сомаларын көрсете отырып, оператордың қызметтер ұсыну тәртібін, шарттарын, сондай-ақ тараптардың жауапкершіліктерін және өзге де шарттарды көздейтін қаржылық сауықтыру үшін АӨК субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бойынша оператордың қызметтерін көрсету жөніндегі шарт (бұдан әрі – қызметтер көрсету жөніндегі шарт) жасалады.

65. Оператордың қызметтерін әкімші тиісті қаржы жылына жасалатын қызметтер көрсету жөніндегі шартқа сәйкес 225 «АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық ставканы субсидиялау» республикалық бюджеттік бағдарламасы қаражатының есебінен төлейді.

## **13. Қаржылық сауықтыру мониторингі**

66. Қаржылық сауықтыруды іске асыру мониторингін оператор жүзеге асырады, оның функцияларына:

1) қаржы институты ұсынатын ұсынылған құжаттар негізінде қарыз алушының кредитті мақсатты пайдалану;

2) қаржы институты ұсынатын құжаттар негізінде қарыз алушының негізгі борышының бір бөлігін және ол бойынша пайыздарды уақтылы өтеу;

3) қаржы институты ұсынатын құжаттар негізінде қарыз алушының субсидияланатын кредитін/лизингін мерзімінен бұрын өтеу;

4) қаржы агенті ұсынатын мәліметтер негізінде қарыз алушының қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша қаржы институтының алдындағы міндеттемелерін толық мерзімінен бұрын өтеу;



- 5) қаржылық сауықтыру жоспарларын орындау;  
 6) бұрын субсидияланған кредиттік және лизингтік шарттар;  
 7) бұрын жасалған субсидиялау шарттарын ескере отырып, тиісті қаржы жылына арналған субсидияларды бөлу мониторингі жатады.

67. Оператор тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-күніне дейін әкімшіге осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қарыз алушыларды қаржылық сауықтыру бойынша орындалған жұмыс туралы есепті ұсынады.

68. Оператор мониторинг функцияларын жүзеге асыру үшін қаржы институтынан және қаржы агентінен барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы.

69. Әкімші жыл сайын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға әкімші және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бірлесіп бекітетін тәртіппен бюджеттік бағдарлама шеңберінде субсидиялар алған қарыз алушылар туралы ақпаратты жолдайды.

Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына

1-қосымша

## Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның құрамы

Р/с №	Т.А.Ә.	Ұйымның атауы
1.	И С А Е В А Гүлмира Сұлтанбайқызы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі, комиссия төрағасы
2.	Ш А Е К И Н Рауан Михайұлы	Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
3.	Қ Ұ С А Й Ы Н О В Марат Әпсеметұлы	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
4.	Б И М Е Н О В Елдос Байжанұлы	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Үйлестіру департаментінің бас маманы-экономист (келісім бойынша)
5.	Б Е К І Ш О В А Күміс Оспанқызы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Республикалық мемлекеттік мүлікті басқару және оңалту мен банкроттық әдіснамасы департаментінің бас сарапшысы
6.	М А Х А Ж А Н О В Дәурен Сәбитұлы	«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
7.	Ә Б Д І К Ә Р І М О В А Жанар Мұратқызы	«Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
8.	Қ А С Е Н О В Бауыржан Қазыбекұлы	Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Агроөнеркәсіптік кешені комитетінің хатшысы (келісім бойынша)
9.	Қ О С Ш Ы Ғ Ұ Л О В А Бақыт Ертайқызы	«Қазақстан құс өсірушілер одағы» заңды және жеке тұлғалардың бірлестігі президентінің кеңесшісі (келісім бойынша)

10.	Б А Й Ұ ЗА Қ О В Ербол Есенболатұлы	«Қазагроомаркетинг» АҚ-ның қаржылық сауықтыру департаментінің директоры (келісім бойынша)
-----	--	---

Қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына 2-қосымша

## АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру кезінде сыйақының пайыздық мөлшерлемесін субсидиялауға өтінім

20 \_\_\_\_ ж « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Кімге: \_\_\_\_\_  
( оператордың атауы )

Кімнен: \_\_\_\_\_  
( қаржы институтының атауы, почталық заңды мекенжайы, байланыс телефондары, ЖБН, банк деректемелері )

№	Қарыз алушы туралы мәліметтер
1.	Атауы
2.	Толық почталық (заңды) мекенжайы
3.	Байланыс телефондары
4.	БЖН/ЖБН
5.	Банк деректемелері
6.	Қарыз алушының өтінімі түскен күні
7.	Субсидиялау сомасы
8.	Өтеу кестесі(-лері)інің көшірмесі
9.	Қаржы институты мен қарыз алушы тарапынан ұсынылатын іс-шаралар және заттай және қаражат мәнінде қаржылық сауықтырудан күтілетін әсер көрсетілген қаржылық сауықтыру жоспары

О с ы м е н :

1) қарыз алушының кредиттік және лизингтік шарттары бойынша басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау түрінде қолдау көрсетілмейтіні;

